

Жапарова Ә.Н., Манасова В.Е.
4 курс студенттері, академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Жумағұлова С.К., Есендаулетова Ж.Т.
аға оқытушылар, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті

СУРЕТ ШЕБЕРХАНАСЫ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

1. Өзектілігі.

Өндірістік қызметте, экономиканы басқаруда, саясатта негізделген және тиімді шешімдер қабылдау үшін қазіргі заманғы маман компьютерлердің және байланыс құралдарының көмегімен деректерді ала, жинақтай, сақтай және өңдей білуі тиіс. Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялар өте қарқынды дамып келеді, олар адам қызметінің барлық салаларына ендірілген.

Экономиканың әртүрлі салаларында әр түрлі көздерден алынған деректермен жұмыс істеуге тура келеді, олардың әрқайсысы белгілі бір қызмет түрімен байланысты. Барлық осы деректерді үйлестіру үшін белгілі бір білім мен ұйымдастыру дағдылары қажет.

Microsoft-Access корпорациясының өнімі әр түрлі көздерден алынған мәліметтерді бір реляциялық деректер базасына біріктіреді. Онда жасалатын нысандар, сұрау салулар мен есептер деректерді тез және тиімді жаңартуға, сұрақтарға жауап алуға, қажетті деректерді іздестіруді жүзеге асыруға, деректерді талдауға, есептерді, диаграммаларды және пошта жапсырмаларын басып шығаруға мүмкіндік береді.

Деректер қоры - бұл ақпаратты сақтауға арналған ұйымдастырылған құрылым. Қазіргі заманғы деректер базасында деректер ғана емес, Ақпарат да сақталады.

Ақпараттық жүйені модельдеу үшін кіріс, шығыс ақпарат ағынын анықтау қажет. Ақпараттық жүйені жобалау субъектісі болып, жобаны жүзеге асырушы мамандар ұйымы мен ақпараттық жүйені құруға тапсырыс берген мекеме жатады.

Ақпараттық жүйені жобалау технологиясы деп – ақпараттық жүйені жобалаудың және жобалауды ұйымдастырудың әдістері мен құралдар жиынтығы саналады.

Ақпараттық жүйені технологиясының негізін негізгі технологиялық ерекшеліктері мен мәнін анықтайтын әдістеме құрайды. Жобалау әдістемесі деп, жобалау концепциялар мен жобалау принциптерін әдістерінің жиынтығы мен жүзеге асатын айтамыз. Олар өз кезегінде жобалау құралдарымен сүйемелденеді.

2. Инновациялық.

Визуалды бағдарламалау тілдері визуалды өрнектің түрі мен дәрежесіне байланысты келесі типтерге қосымша жіктелуі мүмкін:

- бағдарламалау ортасы кейбір ережелерге сәйкес интерактивті түрде айла-шарғы жасауға болатын графикалық немесе символдық элементтерді ұсынатын объектілер негізіндегі тілдер;

- интерфейсті жобалау кезеңінде интеграцияланған әзірлеу ортасында Олардың қасиеттерін теңшеу мүмкіндігімен пішіндер қолданылатын тілдер. Мысалдар: Delphi және C++ Builder фирмасының Borland, C#, MS Access, C++ фирмасының WxsmithCode еркін кроссплатфорлы даму ортасының құрамында пайдалану арқылы:Blocks.

- "фигуралар мен сызықтар" идеясына негізделген схемалар тілдері, мұнда фигуралар (тік төртбұрыштар, доғалар және т.б.) субъектілер ретінде қарастырылады және қатынастар болып табылатын сызықтармен (жебелермен, доғалармен және т. б.) жалғанады.

3. Жаңалығы

Берілген жұмыста Microsoft Access деректерді басқару жүйесінде сурет шеберханасының мәліметтер базасын құру қарастырылған. Мәліметтер базасына сурет шеберлері, клиент туралы ақпараттарды енгізу. Құрылған мәліметтер базасын Microsoft Visual C# объектіге бағытталған программалау ортасында жасалған сурет шеберханасы қосымша бағдарламасымен байланыс жасауға арналған.

Берілген жұмысты орындау барысында біртіндеп сурет шеберханасы қосымшасын құрастыру процестері қарастырылды және құрастырушылар кездестіретін мәселелер талданды.

Жасалған зерттеу барысында пайдаланылған әдістер: Microsoft Visual C# объектіге бағытталған программалау ортасында сурет шеберханасы қосымшасын құру. Берілген жұмыста Microsoft Visual C# объектіге бағытталған программалау

ортасының негізгі компоненттерінің қасиеттері мен әдістері, оның ішінде: button компонентінің font, backcolor қасиеттері, PictureBox компонентінің backgroundimage қасиеті және label компонентінің font қасиеті қолданылды.

Программаның орындалуы үшін келесі оқиғалар қолданылды: FormCreate(object sender, EventArgs e); procedure Button1Click(object sender, EventArgs e).

Осылайша, компьютерлік талдау, аз уақыт жұмсап, неғұрлым артық мүмкіндіктер береді және өте интуитивті, сонымен қатар нұсқаулығын пайдалану да оңай.

4. Күтілетін / Алынған нәтижелер

Берілген жұмыстың негізгі нәтижелері: жұмыстың нәтижесі Microsoft Visual C# объектіге бағытталған программалау ортасы мен Microsoft Access деректерді басқару жүйесін қолдану арқылы жасалынған сурет шеберханасы қосымшасы. Microsoft Visual C# компоненттерінің қарапайым оқиғалары пайдаланылып, қазіргі таңда қолданысқа мәліметтерді сандық түрде пайдалануға мүмкіндік туғызатын сурет шеберханасы қосымшасы құрастырылды. Программаның exe файлы кез – келген қолданушы кез – келген дербес компьютерге көшіріп жұмыс жасай алады.

Берілген жұмыстың мақсаты, Microsoft Visual C# объектіге бағытталған программалау ортасында сурет шеберханасы қосымшасын құру болған еді. Жұмысты орындау барысында алгоритмдер мен бағдарламаларды әзірлеудің негізгі принциптері, әртүрлі режимдерде ЭЕМ-де есептерді шешу және баптау әдістері игерілген. Сонымен қатар жүйелік бағдарламалау негіздері және бағдарламалауға объектілі - бағытталған тәсілдің негіздері бөлшектелді. Берілген жұмыстың қойылған міндеттерін шешу барысында қолданбалы бағдарламалау жүйелері және тапсырмаларды шешудің қажетті әдістері қолданылды. Бағдарламаны әзірлеудің аспаптық ортасы MS Visual Studio 2010 болды. Жұмыстың бірінші тапсырмасында матрицалар сияқты есептерді шешудің әдістері қарастырылды. Берілген элементтердің матрицасы белгілі бір жолмен толтырылуы және экранға шығарылуы тиіс. Осы тапсырманы орындау кезінде массивтер мен тиісті есептер қолданылды. Жұмыстағы теориялық материал практикада қолданылды, сурет шеберханасы қосымшасының


жасалу принципі бойынша алда қойылған мақсат жүзеге асырылып, сурет шеберханасы қосымшасының программасы құрылды.

Сурет шеберханасы қосымшасының мүмкіндіктері


Сурет шеберханасы қосымшасы сурет шеберлері туралы мәліметтерді алу, сұрыптау, іздеу көмегімен керекті шеберлерді жылдам табумен қатар әр шебердің жұмысы туралы ақпарат береді. Сурет шеберханасына келіп, тапсырыс берген клиенттердің де тізімі көрсетіледі. Тізім бойынша мәліметтерді өзгертуге, өшіруге болады. Қосымшаны іске қосқанда авторизация терезесі ашылады. Авторизация терезесі 1 суретте көрсетілген.

Қолданушы логин және пароль жолдарына сәйкесінше ақпараттарды енгізеді. Ақпарат дұрыс болған жағдайда бас мәзір ашылады. Егер енгізілген ақпарат қате болған жағдайда Мәліметтер базасына кіруге мүмкіндігі болмайды. Жобаның бас мәзір терезесі 2 суретте көрсетілген.

Бас мәзірде әртүрлі шеберлердің жұмыстары мен үш батырма орналасқан. Әр батырма жаңа терезе ашу үшін арналған. Бірінші батырма клиенттер туралы ақпарат беретін жаңа терезе ашады. Екінші батырма суретшілер туралы мәліметтер жинағы орналасқан терезені ашады. Үшінші батырма автор батырмасын. Автор батырмасы жоба жасаған автор туралы мәлімет беретін терезені ашады.



1 сурет. Авторизация терезесі




2 сурет. Клиенттер терезесі

Клиенттер терезесі клиенттер туралы ақпарат жазылған кестеден, кестедегі мәліметтерді өзгертуге арналған жолдар жиынтығынан тұрады. Сонымен қатар кестедегі мәліметтерді жылдам табу үшін іздеу жолы мен батырмалардан, сондай – ақ сұрыптау батырмалары да орналасқан. Клиенттер кестесінде тегі бойынша іздеу нәтижесі 4 суретте көрсетілген.


Толық тізімді қайта шығару үшін толық тізім батырмасы басылады. Кестедегі мәліметтерде отчет батырмасы excel – ге экспорт жасауға болады. Экспортталған мәліметтер қоры 5 суретте көрсетілген.

Суретшілер терезесі суретшілер туралы ақпарат жазылған кестеден, кестедегі мәліметтерді өзгертуге арналған жолдар жиынтығынан тұрады. Сонымен қатар кестедегі мәліметтерді жылдам табу үшін іздеу жолы мен батырмалардан, сондай – ақ сұрыптау батырмалары да орналасқан. Суретшілер туралы ақпарат жазылған терезе 3 суретте көрсетілген.



3 сурет. Суретшілер терезесі

Суретшілер терезесінде шебер жұмыстары батырмасы сурет шеберлерінің жұмыстары көрсетілген терезе ашады. Шебер жұмыстары көрсетілген терезе 4 суретте көрсетілген.



4 сурет. Шебер жұмыстары көрсетілген терезе

Бұл терезеде шеберхана суретшілерінің аты жазылған батырмалар орналасқан. Әр суретші аты жазылған батырманы басқанда шеберлердің туындылары көрсетіледі.

*Шермағанбет І.
2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
университеті
Иманбекова А.Н.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

АС МӘЗІРІНІҢ ҚҰНЫН ЖӘНЕ КАЛОРИЯСЫН ЕСЕПТЕЙТІН БАҒДАРЛАМА

Қазіргі таңда артық салмақ әлемдік күрделі мәселелердің біріне айналды. Бұл бағдарлама осы жағдайдың алдын алуға, артық салмақтан арылуға, салмақты бақылауда ұстауға күнделікті тұтынатын тағамдардың калориясын есептеу арқылы салмақты бақылауда ұстауға көмектеседі.

Салауатты өмір салтын ұстану қазіргі таңда трендке айналды деуге болады. Қазақстанда да дұрыс тамақтану культі танымал бола бастады. Осыған байланысты арнайы пайдалы тамақ даярлайтын орталықтарға, кафелерге деген сұраныс арта бастады. Бұл бағдарламаны осындай қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында қолдануға болады.

Бағдарламаны қолдану шарттары: Бағдарлама ас (тағам) әзірлейтін мекемелерінде, жеке адам өз тағамының калориясын есептеу үшін қолданылады. Қызметкер саны мен біліктілігі маңызды емес. Бағдарламаны қолдану үшін компьютер, ноутбук болу қажет. Ас мәзіріне өзгеріс енгізген жағдайда бағдарламаны жаңартып отыру қажет. Бір уақытта тек бір клиентке қызмет көрсетіледі. Кассир рұқсатымен бағдарлама касса компьютерінде іске қосылады.

Бұл жерде тағам калориясы деп, 100 грамм тағам мөлшеріндегі калория. Тағам құрамындағы ақуыз, майлар, көмірсулар балансы. Бағдарламада тағам аттары алфавиттік тәртіппен сұрыпталады.